



БҰЙРЫҚ

№ 28.04.2023
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 158/1
город Кызылорда

**2022-2023 оқу жылын аяқтау және
орта білім беру ұйымдарының
білім алушыларын қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
бекіту туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына және Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2023 жылғы 25 сәуіріндегі №80 н/қ бұйрығына сәйкес, 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Орта білім беру ұйымында оқу сабақтары 2023 жылы 31 мамырда аяқталсын.

2. 9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 02-13 маусым аралығында өткізілсін.

3. 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 05-19 маусым аралығында өткізілсін.

4. Қортында аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) Қазақ тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;

2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау, жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;

3) Қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) 2023 жылғы 9 маусым;

4) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 13 маусым;

11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) Қазақ тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан 2023 жылғы 5 маусым;

2) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2023 жылғы 8 маусым;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан 2023 жылғы 12 маусым;

4) Қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан 2023 жылғы 15 маусым;

5) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 19 маусым;

5. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу жылының аяқ жылының аяқталуын қамтамасыз етсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген).

6. Осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Молдахметоваға жүктелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Е. Акшалов

1- сыныптарда : қосымша каникул - 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында) .

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Молдахметоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



 С. Рахымшаева

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
ОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
ӘБУ ҚҰДАБАЕВ АТЫНДАҒЫ
№197 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА
№197 ИМЕНИ АБУ КУДАБАЕВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО ГОРОДУ ҚЫЗЫЛОРДА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

«19» 08 2022 ж.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 142

город Кызылорда

**Орта білім беру ұйымдарында
2022-2023 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және
каникул кезендерін айқындау
туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 14) тармақшасына, және Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29030 болып тіркелген.) бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімберудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қызылорда облысының білім басқармасының 25 тамыздағы №48 бұйрығына Қызылорда қаласы білім бөлімінің 2022 жылдың 27 тамыздағы № 95 н/қ бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
 - 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы 2022 жылғы 1 қыркүйек;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарында – 35 оқу аптасы, 2-11 (12) – сыныптарда – 36 оқу аптасы.
 - 3) Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:
 - 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан- 5 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);